

Бекітемін:  
ЖШС “SilkWay” мектеп-лицейінің  
директоры:

Али Тор

Келісемін:

Директордың ғылыми –әдістемелік  
жұмыстары жөніндегі орынбасары  
А.К.Бисенкулова

# Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары

Бірлестік жетекшісі: Салыкбаева Гүльмира Сидыховна

2022 - 2023 оқу жылы

## **Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің тақырыбы:**

«Оқушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелей отырып, белсенділігін арттыру және білім сапасын жетілдіру».

### **Оқу жылының негізгі мақсаты:**

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған білім алуды қамтамасыз ете отырып, бәсекеге қабілетті бола алатын жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлғаның дамуына жағдай жасау;

### **Оқу жылының міндеттері.**

- 1) Оқушылардың өзін-өзі дамыту және өз білімін жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру үшін олардың қажеттілігі мен жеке қабілетін есепке алып жағдай жасау;
- 2) Азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді, халық дәстүрін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
- 3) Ой-өрісі жан-жақты дамыған, зерттеушілік еңбекке дағдыланған, мәдениеті жоғары тұлғаны қалыптастыру;
- 4) Мұғалімдердің әдістемелік құзырлығы мен өз бетімен білім алуының арттыру жүйесін жетілдіру;
- 5) Мұғалімдерге оқытудың жаңа әдістемелерін қолдану және білім сапасының тиімділігін қолдану үшін жұмыстарына жаңа педагогикалық технологияларын енгізу;
- 6) Ақпараттық технологиялар негізінде жаңа білім беру ортасын дамуын қамтамасыз ету;
- 7) Оқушылардың даму динамикасын байқайтын, әр оқытудың кезеңінде біліктіліктің деңгейін белгілейтін диагностикалық жүйесін әзірлеу;
- 8) Сынып жетекшілерге өздерінің функционалдық лауазым міндеттерін, айқын орындау, жүйелі түрде ұйтқы болу, ағымдық оқу-тәрбиелік міндеттерді шешуде, мақсат қоюда және жоспарлауда шығармашылықпен істің ыңғайын білу;

## **Мұғалім:**

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқыту мен тәрбие бағыттары құндылық пен дағдыны дамытуға, оқушыны жеке тұлға ретінде жетілдіруге, оқушының өзіндік іс әрекетін қалыптастыруға, пәндердің бір-бірімен байланысын күшейтуге ықпал жасайды;

- Өз халқы оның мәдениеті мен дәстүрлерін мақтаныш тұтатын Қазақстан азаматын тәрбиелеу;
- Жалпы адамзаттық негіздер мен құндылықтарды құрайтын саналы көзқарастары мен қағида ұстанымдарын тәрбиелеу;
- Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеудің үлгісіне сәйкес этнопедагогика, этнопсихология, этномәдениет негізінде тәрбие үрдісін ұйымдастыру;
- Оқушыларды табысты іс-әрекетте бағыттау, олардың шығармашылығы мен білім құмарлығын дамыту, қолдау;

## **Күтілетін нәтижелер:**

### **Мұғалім:**

- Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқыту мен тәрбие бағыттары құндылық пен дағдыны дамытады;
- Оқушыны жеке тұлға ретінде жетілдіріп, оқушының өзіндік іс әрекетін қалыптастырады;
- Өз халқы оның мәдениеті мен дәстүрлерін мақтаныш тұтатын Қазақстан азаматын тәрбиелейді;
- Жалпы адамзаттық негіздер мен құндылықтарды құрайтын саналы көзқарастары мен қағида ұстанымдарын қалыптастырады;
- Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеудің үлгісіне сәйкес этнопедагогика, этнопсихология, этномәдениет негізінде тәрбие үрдісін ұйымдастырады;
- Оқушыларды табысты іс-әрекетте бағыттап, олардың шығармашылығы мен білім құмарлығын дамытады.

## Осы тақырыптан, мақсаттан туындайтын 2022 - 2023 оқу жылындағы бірлестік мұғалімдерінің міндеттері:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
  - ✓ «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
  - ✓ «Қазақстан Республикасында бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);
  - ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы;

2. Оқушылардың білім деңгейінің оқу бағдарламасы мен мемлекеттік білім стандарты талаптарына сай болуы.

3. Деңгейлі бағдарламаның жеті модулін пәндермен ықпалдастыра отырып, білім берудегі инновациялық үдерістерге қолдау көрсету.

4. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау модулі мен жұмыс істей отырып, критериалды бағалауды жетілдіру арқылы білім сапасын жетілдіру.

5. Оқу үрдісін ұйымдастырудың және оқу материалын меңгерудің ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім, оқушы, ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету.

6. Жоспарлауды – ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді түрде ұйымдастыру.

7. Педагогикалық шеберлік байқауларына қатысу:

- «Кітап оқу» сайысы;
- «Алтын сақа» олимпиадасы;
- Ғылыми жұмыс «Зерде» сайысы;
- Олимпиадалар: «Кенгуру», «Ақбота», «Золотое руно»;
- «Зерек бала» онлайн интеллектуалдық марафоны;
- «Бастау» олимпиадасы;
- Жыл мұғалімі;
- Педагогикалық оқулар;
- Ең үздік панорамалық сабақ;
- Ең үздік дидактикалық материал;

8. Ашық сабақтар өткізіп, тәжірибе алмасу.

9. Мұғалімдердің шығармашылық жұмысының есебін тыңдау.

10. Ағымдық, аралық бақылаулар жүргізу.

11. Мектепішілік апталықты және олимпиаданы өткізу.

12. Жұмыс дәптерлерінің, жазба жұмыстарының жоспарлы жүргізілуі мен бағалау нормаларының сақталуын қамтамасыз ету.

13. Мұғалімдердің көмегімен шебер кластар, коучингтер, тәжірибе алмасу сабақтарын өткізу.

14. Жас мамандарға тәлімгерлік көмек беру. Тәлімгерлік жоспар бойынша жұмыс істеу.

## Мұғалімдердің функционалдық міндеттері.

Р/с	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауапты адамдар
1	Жаңа 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жасау,оны талқылау.	қыркүйек	Салықбаева Г.
2	Бірлестік мұғалімдерінің сабақтарына қатысып, пікір алмасу.	Оқу жылы ішінде	Салықбаева Г.
3	Мектепшілік әдістемелік шараларға қатысу: а) Әдістемелік апталық. ә) Пәндік семинар. б) Тақырыптық пікір алмасулар. в) Коучингтер. г) Ашық сабақтар.	Оқу жылы ішінде	Бірлестік мүшелері
4	1-сыныптарға әдістемелік көмектер беру.	Жыл бойы	1-сынып мұғалімдері
5	2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы мектепшілік педагогикалық шеберлік байқауларына қатысу.	Жыл ішінде	Бірлестік мүшелері
6	Дарынды, қабілетті балалармен жұмыс жүргізу (қосымша сабақтар ).	Сабақта, сабақтан тыс уақытта	Пән мұғалімдер
7	Барлық сыныптарда ағымдық, аралық, қорытынды бақылау жұмыстарын жүргізіп, қорытындысын шығарып отыру.	Ай сайын, тоқсан сайын	Бірлестік жетекшісі және мүшелері
8	1)Дәптерлердің жүргізілуін; 2)Оқушылардың көркем жазу, оқу дағдысын, жазу сауаттылығын тексеру;	Тоқсан сайын	Бірлестік жетекшісі
9	Оқушылардың математика пәні бойынша есептеу дағдысын тексеру;	Тоқсан сайын	Бірлестік жетекшісі

10	1-4-сынып оқушыларының оқу дағдысын тексеру.	Тоқсан сайын	Бірлестік жетекшісі, 4-сынып мұғалімдері
11	4-сынып оқушыларының компьютерлік сауаттылығын арттыру.	Тоқсан сайын	Бірлестік жетекшісі, 4-сынып мұғалімдері
12	Жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмыстарын үйлестіру.	Тоқсан сайын	Тәлімгер ұстаздар
13	Бірлестік мұғалімдерін мониторингілеу арқылы рейтингісін шығарып алу.	Жыл бойы	Бірлестік жетекшісі
14	Оқушылардың білімін толықтыру мақсатында пәндерге байланысты білім сайыстарын өткізу.	Сабақтан тыс уақытта	Пән мұғалімдері
15	Оқытудың жеті модулін сабақтармен ықпалдастыру.	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
16	Ағылшын тіліндегі Кембридж халықаралық емтихандарына дайындалу.	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
17	Бастауыш мектептері жас мамандарының үздіксіз семинары.	Жыл бойы	Жас мамандар
18	Бастауыш сынып мұғалімдерінің ТАТ-1 емтиханы.	ақпан	мұғалімдер
19	Мұғалімдер күні	қазан	Сынып жетекшілер

## Әдістемелік бірлестіктің айлық жоспары

Р/с	Жасалатын жұмыстар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
<b>Тамыз</b>			
1	Әдістемелік нұсқау хатпен танысу	тамыз	Бисенкулова А. Айгюн Синан
2	2021-2022 оқу жылында жасалған жұмыстардың қорытындысына талдау жасау.	тамыз	Салықбаева Г.
3	2022-2023 оқу жылына арналған пән бірлестігінің жұмыс жоспарын талқылау, бекітуге ұсыну.	тамыз	Салықбаева Г.
4	Күнтізбек жоспарларының жасалуы туралы әдістемелік көмек беру.	тамыз	Бисенкулова А. Айгюн Синан Салықбаева Г.
5	EduPage журналын толтыру туралы ұсыныстар беру.	тамыз	Бисенкулова А. Айгюн Синан
<b>Қыркүйек</b>			
1	Оқушыларды қалалық «Кітап оқу» сайысына қатыстыру.	қыркүйек	Сынып жетекшілер
2	Оқушыларды «Зерде» ғылыми жұмысына қатыстыру.	қыркүйек	Сынып жетекшілер
3	Жас мұғалімдерге тәлімгерлер сайлау.	қыркүйек	Айгюн Синан
4	Сабақтың қысқа мерзімді жоспарын жасақтау (коучинг)	қараша	Бисенкулова А.
5	ҚР Тілдер фестивалі	қыркүйек	Сынып жетекшілер
<b>Қазан</b>			
1	Жас мамандарға әдістемелік көмек	қазан 2 аптада бір рет	Айгюн Синан тәлімгер
2	"Мен ресурсты күйдемін" (кәсіби күйіп кету синдромын алдын алу) семинар-тренинг	қазан	Рапихова Н. Саяқызы Ж. Муратов А.
3	«Кенгуру» интеллектуалдық ойыны	қазан	Сынып жетекшілер
4	3-4 сынып оқушыларын «Алтын сақа» олимпиадасына қатыстыру	қазан	Сынып жетекшілер
5	Оқушыларды «Ақбота» интеллектуалды сайысына қатыстыру	қазан	Сынып жетекшілер
6	Математика пәні бойынша «Бастау» кешенді олимпиадасы	қазан	Сынып жетекшілер

7	I тоқсан бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу.	қазан	Бисенкулова А. Айгюн Синан Салықбаева Г.
<b>Қараша</b>			
1	Жас мамандарға әдістемелік көмек	қараша 2 аптада бір рет	Айгюн Синан тәлімгер
2	Шебер-класс: «Бастауыш сыныпта цифрлық ресурстарды қолданудың тиімділігі»	қараша	Бигалиева Э. Есім А.
3	Мастер-класс: «Активные методы обучения в начальной школе»	қараша	Есенгалиева А.
4	«Зерек бала» онлайн интеллектуалдық марафоны (мектепішілік кезең)	қараша	Бисенкулова А. Айгюн Синан Салықбаева Г.
5	Ашық сабақтар онкүндігі	қараша	Сынып жетекшілер
6	Оқушылардың жұмыс дәптерлерінің талапқа сай орындалысын тексеру.	қараша	Бисенкулова А. Айгюн Синан Салықбаева Г.
7	2- сынып мұғалімдеріне кеңес: «Критериалды бағалауда ата -анамен жұмыс»	қараша	Айгюн Синан
<b>Желтоқсан</b>			
1	Жас мамандарға әдістемелік көмек	желтоқсан 2 аптада бір рет	Айгюн Синан тәлімгер
2	"Мұғалім толеранттылығы" (гуманды педагогика әдістерімен танысу) семинар-тренинг	желтоқсан	Рапихова Н. Саяқызы Ж. Муратов А.
3	Тілашар ертеңгіліктері.	желтоқсан	1- сыныптар
4	Ағылшын тілінде кітап оқу	желтоқсан	Пән мұғалімдері, сынып жетекшілер
5	«Зерек бала» онлайн интеллектуалдық марафоны (республикалық кезең)	желтоқсан	Пән мұғалімдері, сынып жетекшілер
6	Оқушылардың I жарты жылдық бойынша білімін есепке алу қорытындысы	желтоқсан	Бисенкулова А. Айгюн Синан Салықбаева Г.
<b>Қаңтар</b>			
1	Жас мамандарға әдістемелік көмек	қаңтар 2 аптада бір рет	Айгюн Синан тәлімгер
2	Мектепішілік бастауыш сыныптар апталығын өткізу.	қаңтар	Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері

3	Шебер-класс: «ZERDELI» есептері туралы не білеміз?	қаңтар	Аман А. Салықбаева Г.
4	Мастер-класс: «Решение нестандартных по математике»	қаңтар	Сарсекенова Р.
5	Шебер-сынып: «Қалыптастырушы бағалауды қалай тиімді ұйымдастыруға болады?»	қаңтар	Досымбаева Г.
6	Оқушылардың жазба жұмыстарының жоспарлы жүргізілуін бақылау	қаңтар	Бисенкулова А. Айгюн Синан Салықбаева Г.
<b>Ақпан</b>			
1	Жас мамандарға әдістемелік көмек	ақпан 2 аптада бір рет	Айгюн Синан тәлімгер
2	"Жанжалдарды шешу шеберлігі" тимбилдинг	ақпан	Рапихова Н. Саяқызы Ж. Муратов А.
3	Педагогикалық оқуға қатысу. Баяндама.	ақпан	Пән мұғалімдері
4	«Золотое руно» интеллектуалдық сайысына қатысу.	ақпан	Сынып жетекшілер
5	“Ең үздік видеосабактар” республикалық онлайн конкурсы	ақпан	Пән мұғалімдері, сынып жетекшілер
6	Бастауыш сынып мұғалімдерінің ТАТ-1 емтиханы	ақпан	Пән мұғалімдері
<b>Наурыз</b>			
1	Жас мамандарға әдістемелік көмек	наурыз 2 аптада бір рет	Айгюн Синан тәлімгер
2	Мастер-класс: «Как эффективно организовать формативное оценивание»	наурыз	Чертова Н.С.
3	Шебер-сынып: «Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытудың тиімді жолдары»	наурыз	Жұртшыбаева М. Қайназарова Н.
4	«Кенгуру» интеллектуалдық ойыны	наурыз	Сынып жетекшілер
5	“Ең үздік видеосабактар” республикалық онлайн конкурсы	наурыз	Сынып жетекшілер
6	Оқушылардың ІІІ тоқсан бойынша білімін есепке алу қорытындысы (оқу, жазу, есеп шығару).	наурыз	Бисенкулова А. Айгюн Синан Салықбаева Г.
<b>Сәуір</b>			
1	Жас мамандарға әдістемелік көмек	сәуір 2 аптада бір рет	Айгюн Синан тәлімгер
2	"Кітап оқу — құндылықтың төресі" атты кітап оқу жарысы	сәуір	Сынып жетекшілер

3	«Ерекше» оқушылармен жұмыс жасау (дарынды және үлгерімі төмен) семинар	сәуір	Рапихова Н. Саяқызы Ж. Муратов А.
4	1 және 4 - сынып оқушыларының білім, білік, дағдыларын есепке алу	сәуір	Бисенкулова А. Айгюн Синан Салықбаева Г.
<b>Мамыр</b>			
1	Жылдық оқу бағдарламаларының әр сыныпта орындалысы туралы.	мамыр	Бисенкулова А. Айгюн Синан Салықбаева Г.
2	II жарты жылдық бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу.	мамыр	Бисенкулова А. Айгюн Синан Салықбаева Г.

## Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігі мұғалімдерінің мәжілістері.

№	Күн тәртібіндегі мәселелер	Мерзімі	Жауапты адамдар
<b>Мәжіліс №1</b>			
1	2021-2022 оқу жылында жасалған жұмыстардың қорытындысы(бірлестік жұмысында талдау жасау).	Тамыз	Салықбаева Г.
2	2022-2023 оқу жылына арналған пән бірлестігінің жұмыс жоспарын талқылау, оны бекіту.		Салықбаева Г.
3	Күнтізбелік жоспарларын жасау, талқылау, бекітуге ұсыну.		Пән мұғалімдері
4	Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру		Бисенкулова А. Айгюн Синан
<b>Мәжіліс №2</b>			
1	Жас мұғалімдерге тәлімгерлер сайлау,жұмыс жоспарларын жасақтау	қыркүйек	Айгюн Синан
2	EduPage журналын толтыру туралы ұсыныстар беру.		Бисенкулова А. Айгюн Синан
3	Қатаң есептегі құжаттармен жұмыс жасау		Бисенкулова А. Айгюн Синан
4	«Сабақтың қысқа мерзімді жоспарын жасақтау» таныстырылым		Айгюн Синан
<b>Мәжіліс №3</b>			
1	I тоқсан бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларының қорытындысы	қараша	Бисенкулова А. Айгюн Синан
2	Мұғалімдер өткізген шебер-класс пен коучинг жұмыстарының қорытындысы.		Чертова Н.С. Айгюн Синан Салықбаева Г.
3	2- сынып мұғалімдеріне кеңес: «Критериалды бағалауда ата -анамен жұмыс»		Айгюн Синан

<b>Мәжіліс №4</b>			
1	Мұғалімдер өткізген шебер-класс пен коучинг жұмыстарының қорытындысы	қаңтар	Чертова Н.С. Айгюн Синан Салықбаева Г.
2	Жас мамандармен жұмыс		Айгюн Синан
3	Оқушылардың І жарты жылдық бойынша білім, білік, дағдыларын есепке алудың қорытындысы.		Бисенкулова А. Айгюн Синан
4	Бастауыш сыныптар апталығының қорытындысы		Чертова Н.С. Айгюн Синан Салықбаева Г.
<b>Мәжіліс №5</b>			
1	ІІІ тоқсан бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларының қорытындысы	наурыз	Бисенкулова А. Айгюн Синан Салықбаева Г.
2	«Ең үздік панорамалық сабақ» байқауының қорытындысы		Бисенкулова А. Айгюн Синан
3	«Зерек бала» онлайн интеллектуалдық марафонының республикалық кезеңі қорытындысы		Пән мұғалімдері
<b>Мәжіліс №6</b>			
1	2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың білім сапасы мен оқу үлгерімдерінің қорытындысы		Бисенкулова А. Айгюн Синан
2	ӘБ – тің 2022 -2023 оқу жылында атқарған жұмыстарының сараптамасы және 2023 -2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құрып, талқылау.		Чертова Н.С. Айгюн Синан Салықбаева Г.
3	Тәлімгерлердің тәлімгерлік жоспарларының орындалысы туралы.		Айгюн Синан